



**Өзекті мәселе**

## ҚАЗАҚТЫҢ ҚАРА БАЛАСЫ, ҚАЙДА КЕТІП БАРАСЫҢ?

**Құдай жетімдікті адам баласына бермесін. Сонау отты жылдарда жетім болып жетілгендер лағынетін сұм соғысқа айтар-ау, ел аман, жұрт тыныштағы, бейбіт күндегі жетім атанған балалардың тағдырын кімнен көреміз? Мына жарық дүниеге келмей жатып маңдайына «жетім» деген тас таңбаны бастырған бозбаланың боз тағдыры «Бозторғай» әніне айналып, қазақ сахарасын шарлап кетсе де, елең етер ел байқалмай ма, ел болып, бесігін түзеткеннің орнына жетім бала, жесірлер көбейіп бара жатқан секілді.**

Жесір әйел әкесі болмаса да баласын жеткізер, әке-шешеден тұлдыр жетім атанып, не қорғанышы, не жанашыр сүйеушісі жоқ, жалғыз өзі тағдыр талкегімен шетел асып кетіп жатқан тұл жетімдердің жағдайын кім ойлар?! Күндіз ойын баласы ештеңені сезбегенімен, ұйқыға енер шақта анасының құшағына зар болып, әкесінің қолтығына кірмеген сәби атасына нәлет тағдырына налып, көрпе астында өзімен өзі қалған сәтте өкісіп, көз жасына ырық бермейтініне кім кепілдік берер?! Күндіз көпшілік ортасында күліп жүргенімен басқаларда бар, өзінде жоқ әке-шешесін ойлаған сәтте мұң басқан жүрегі жылап, жанарына келген жасты көрсетпеуге тырысып, теріс бұрылатынын кім түсінер?!

Айтар ауызға ғана оңай дүние. «Құдай жетімдікті басқа бермесін» деген ой санамызды тағы бір шарпып өткендей. Шама жетсе, әке орнына әке, шеше орнына шеше болуға, жеткіншекке жетімдікті сездіртпеуге тырысып, балалардың панасы, ақыл айтар данасы болып жүрген мектеп-интернаттар, сәбилер үйі ғана бұл күндері көңілге медет, жырттығымызға жамау болар дүниелердің бірі болып тұр. Оған да шүкір. Алайда, солай десек те, сол үйлердегі тәрбиешілер мен ұстаздар ауыздарынан ақ май ағызып отырса да, әке-шешеден көрген мейірімге жету қайда?!

Ресми деректерге сүйенсек, үкімет қамқорлығында өсіп жатқан жетім балалардың саны қазір 96 мыңға жетіп отыр. Әйткенмен, он сегізге толып, кәмелеттік жасты толтырғаннан кейін ол баланың болашағы не болмақ? Жетімдер үйінен кеткеннен кейін, бірі жалданып күнделікті нанын тапса, енді біреулер қылмыс жасап, бұзақылықпен айналысады. Жетімдер үйінен шыққандар мен ата-анасының қарауынсыз қалған балалардың 35-40 пайызы түрме есігін бір рет ашатын көрінеді. Өрине, жанашыр жақыны жоқ, бесікте жатып анасының ақ әлдіні, әкесінің тәрбиесін көрмеген бала қандай болмақ?! Қатыгездік қайдан келеді? Мейірім мен жылуды көрмегеннен, естімегеннен.

Балалар үйінің болғаны жақсы, бір жағынан жаман. Себебі, өз нәрестесінен жеріген көп аналар балаларын бағатын, қамқор болатын «Балалар үйіне» сенім артты. Расында, ондай балаларды үкімет өлтірмейді. Азаматтық жасқа келгенше қамқор болады. Ал жаманы, соған сенген көбелек аналар мен желөкпе әкелер бала болашағына балта шауып, балалар үйіне өткізіп жатады. Ол болмаған күнде шарананы шүберекке орап, күл-қоқыс маңайына тастап кетіп жатқандары да-көз көріп, құлақ естіп жүрген дүние. Сол себепті де жетім қалған балалардың саны күн санап өсіп келеді.

Дана халқымыз «Балалы үй-базар, баласыз үй-ку мазар» деп, баланың көптеп дүниеге келуін тілеп, ұрпағының көбейіп, шаңырағының кеңейгенін жақсылыққа балаған. Атам қазақ ешқашан жетімін тентіретуге, көрінгеннің қол шоқпарына айналдыруға жол бермеген. Ал, мынандай жағдайға қа-

рап тұрып, «жетім көрсен жебей жүр» деген дана халқымыздың данышпандығы қайда кеткен деген ойда қаласын.

Соңғы 15-16 жыл ішінде шетелдік азаматтар 8169 қазақстандық баланы бауырына басыпты. Бұл – асырап алынған (37 450 бала) балалардың жалпы санының 21,7 пайызы. Ал соңғы он жылда 28 829 (77,1



пайыз) баланы қазақстандықтар және 452 (1,2 пайыз) баланы олардың шет елдердегі туыстары асырап алыпты. Айғақ болатын тағы бірер сандарды келтірейік. Он жыл ішінде жәудір көз жетімдер әлемнің 30 еліне әкетілген. Біздің жетімдерімізді асырап алудан бірінші орында АҚШ (6406 бала), екінші орында Испания (600), үшінші орында Бельгия (343) тұр. Одан әрі немістер 173, канадалықтар 167, ирландықтар 140, француздар 131 жетімімізді асырап алған. Қазақ болып туса да, қазақ болу маңдайына жазылмаған олардың тағдырына жауапты кім береді? Біз өз еліміздегі ең жас азаматтарымыздың азаматтық құқықтарына жергөгінде-ақ балта шапқан секілдіміз.

Өткен жылдың желтоқсан айының соңғы күндерінде бірінші евразиялық телеарнадағы «Көреміз» бағдарламасында көрсетілгендей, екі жасында шетел асып кеткен 21 жастағы Жәнібек есімді қазақ баласының сонау Бельгиядан Арқалық қаласына биологиялық анасын іздеп келгендігі еліміздегі осы мәселені біз білмейтін көп сырларын жасырып жатқандай. Бұл-бір ғана қазақ баласының басындағы жағдай. Ал осы Жәнібектің басынан өткен тағдырын қайталап, атамекен топырағынан алшақтап кеткен басқа қарақөз Жәнібектер қаншама дерсің?! Аңсаптан жанды ақ арман, Жас болып асқан жанардан. Сәбидің бәрі бақытты болу үшін жаралған! Солай десек те, өкінішке орай, оларға ол бақытты бере алмай отырмыз. Жетімін жылатпаған қазақ едік. Өкінішке орай...

Енді мынадай бір қызық дерекке назар аударалық. Шет ел асқан 8169 тұл жетімдердің 3752-сі – қазақтар (45,9 пайыз), 4057-сі – орыстар (49,7 пайыз) және 360-

ы басқа ұлттар (4,4 пайыз) екен. Онда да басқа ұлттардың арасында өзбек, тәжік, түрікмен, қырғыз ұлтының бірде-бір баласы жоқ. Неміс, украин, белорус, татар, поляк, молдован, грек, кәріс, грузин, шешен, армян және ұйғыр ұлтының өкілдері ғана бар. Басқа ұлттың өкілдерінің басын қосқанда 360-ақ болса, бір ғана қазақ балаларының саны одан он есе көп болып отыр. Демография саласында қазақтың басын көбейте алмай жатқан тұста шетел кеткен 3752 баладан қаншама ұрпақ тарар еді.

Балқаш ауданының Жиделі деген ауылында Совет одағы кезінде 55 батыр ана болыпты. Солардан 550 бала тараған екен. Ал олардан тараған ұрпақ бұл күндері он есе, жүз есеге барып жығылғаны анық. Жоғарыдағы шетел асқан бұлдіршіндердің санына қарап отырып, қарақөз қазақтың қаншама кандасынан айрылып отырғанын байқауға болады. Бұл Қазақтың трагедиясы ма? Трагедиясы!

Ата-анасы жоқ немесе олардан сот шешімімен айырылған балаларды асырап алу мәселесі Қазақстан қоғамында соңғы

үш жылда қызу пікірталас тудырған тақырыптардың бірі болып қалып отыр. Мәселен, ата-ана қамқорлығынан айырылған әлгіндей балаларды асырап алуға тілек білдірген шетелдік азаматтарға байланысты көптеген айтыс-тарғыс туғаны, тіпті бұл мәселе парламентте де қызу талқыға түскені мәлім. Алайда, әлгіндей балалардың арнайы мекемеде (жетімдер үйінде) емес, отбасында тәрбие алуы, яғни патронатты тәрбие керек деген пікірге қоғам мүшелерінің барлығы келіседі.

Әрбір нәресте дүниеге жетім болу үшін келмейді. Оны жетім ететін-біздер. Бәріміз қатыгез болып кеткен болуымыз керек. «Әке-шешем тірі болып, жер бетін басып жүрсе, бір күні іздеп келер» деген үмітпен есікке елендеген елік тағдырлардың тағдырын жетімдіктің не екенін басынан өткізгендер ғана түсінер. «Нарық келіп, заман қатыгез болып кетсе де, жетімдердің тағдырына, ішкі жан дүниесіне үңілейік» деп, жүрегі тастан емес, еттен жаралғандарға жан айқайынды шығарғын келеді. Өрине, оны естір құлақ, көрер көз болса... Кем болып жатқан тұсымыздың бірі-осы. Өткен жүректі ауыртқан ку дүние-ай!

Мәжілісте, сенатта отырған депутаттардың құлағына алтын сырға, шіркін-ай, өз жерінде аз болып отырған қазаққа шетелге бала асырауға берудің жолын кесетін, соған тыйым салатын заң шықса ғой дейсің. Жетім болып жүріп жетілсе де, қыр асып кетпей, өз топырағында қалады ғой. Ойланатын, ойлантатын жәйт. Бұл-енді осы әңгіменің жалғасы болғанымен басқа тың әңгіменің тақырыбы.

СИҚЫМБЕКТИҢ Алтынбайы

**ЖАҢАЛЫҚТАР ВЕСТИ**

**Алматы облысында тың туристік жобалар іске асырылмақ**  
– Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев өңірде қандай тың туристік жобалардың іске асырылып жатқанын айтты.-деп хабарлайды KAZINFORM.

Марат Сұлтанғазиевтың айтуынша, өңірде туристерді кеңінен тарту мақсатында бірқатар инвестициялық жоба іске асырылып жатыр. «Атап айтқанда, Шарын паркінде Визит орталық ашылып, Биыл глэмпиктердің санын арттыру жоспарланған. Іле Алатауы аумағында 2 визит орталық ашылды. Көлсай көлдерінде таулы соқпақтар мен маршруттар абағандырылды. Сондай-ақ Қапшағай су қоймасының жағалауында жеке инвестиция есебінен бірнеше кешен іске қосылды. Осы жұмыстардың нәтижесінде былтыр аталған салаға 60 млрд теңге инвестиция салынды. Биыл Қапшағай-Resort демалыс кешені, «Сокол» автодромы, «Көктал» тау кешені және OBLOKO Country club демалыс аймағы сияқты ірі жобалар іске асырылууда. Сонымен қатар «Ойқарағай» инвестициялық тобымен меморандум жасалып, 2028 жылға дейін 500 жана жұмыс орны құрылып, 58 млрд теңге инвестиция тартылады», - деді ол.



**В Алматинской области осудили сотрудников тюрем**

Раскрыли широкомасштабное злоупотребление в тюрьмах.



Прокуратура Алматинской области раскрывает широкомасштабное злоупотребление в тюрьмах, передаёт BaigeNews.kz со ссылкой на прокуратуру Алматинской области.

«Заклученные, использовали мобильные телефоны для осуществления онлайн покупок, оформления кредитов и участия в азартных играх через букмекерские конторы и онлайн-казино, где общий оборот денежных средств составил более 3 млрд тенге.

Используя мобильные устройства, осужденные учреждения №10 торговали как запрещенными, так и разрешенными предметами прямо в стенах учреждения», - говорится в сообщении.

По данному факту прокуратурой Алматинской области проведено досудебное расследование по ст.361 ч.2-1 УК.

«Приговором Илийского районного суда трое сотрудников данного учреждения осуждены к различным мерам наказания.

Кроме того, прокуратурой области начаты досудебные расследования по ст.361 ч.2-1 УК в отношении сотрудников учреждения №12 и №57, начальник учреждения №57 взят под стражу», - отметили в прокуратуре.

**Қонаев қаласында граната жарылып, екі полицей жаракат алды**

KAZINFORM – Қонаев қаласында оқу-жаттығу кезінде граната жарылған. Оқиға салдарынан екі полиция қызметкері жаракат алды.



БАҚ беттерінде оқу-жаттығу барысында қызметкерлердің бірі граната лақтырып, соның салдарынан екі полиция қызметкерінің жараланғаны туралы ақпарат тарады. Аталған жағдайға байланысты Алматы облысының Полиция департаменті мәлімдеме жасады.

– Оқу полигонында жаттығу сабақтары кезінде жарық-шу гранатасы пайдаланылып, облыстық департаменттің екі қызметкері дене жаракатын алғанын хабарлаймыз. Нәтижесінде олардың біреуі қалалық ауруханаға жатқызылды - деп хабарлайды Алматы облысының Полиция департаментінен.

**БҮГІНГІ САҢНАН ОҚИТЫҢДАРЫҢЫЗ:**

**ҚАЗАҚТЫҢ ҮШ БӘЙТЕРЕГІ**

2-бет

**ТАНК ТІЗГІНДЕГЕН ЕР СӘДУАҚАС**

3-бет

**«ДІЛМАРЛАР» ТҮСТІ САЙЫСҚА**

4-бет



## ҚАЗАҚТЫҢ ҮШ БӘЙТЕРЕГІ

Биыл қазақ тарихы мен әдебиетінде «Үш бәйтерек» деп атап кеткен Ілияс, Сакен, Бейімбеттің туғандарына 130 жыл толып отыр. Аттары аталған Алаш зиялылары-қазақ әдебиетіне айтулы ақын, қарымды қаламгер, драматургия саласына ғана емес, қазақ халқына көп еңбек сіңген қоғам қайраткерлері. Осы айтулы даталарға орай Қарасай ауданы Көлашы ауылына қарасты Бауыржан Момышұлы атындағы орта мектепте «Қазақтың үш бәйтерегі» тақырыбында қазақ тілі пәнінің «Парасат» және тарих пәнінің «Алаш» бірлестіктерінің ұйымдастырумен аудандық деңгейде семинар өтті.



Семинарды «Қарасай ауданы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің әдіскері А. Нұрғазы ашып берді. Мектеп директоры Г.Абылғазиева құттықтау сөз сөйлеп, семинардың өтуіне сәттілік тілесе, мектеп директорының әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары А. Бейсекенова семинардың өту барысымен таныстырды.

Семинар мәжіліс залында педагог-зерттеуші Г.Айтымбаеваның ұйымдастыруымен өткен «Шебер-сынып» тренингінен басталды. Одан кейін өткен «Адақан әріптер» тренингінде қатысушылар үш бәйтеректің шығармаларынан оқылған үзінді желісінен кімнің, қай шығармасы екенін тауып, сол шығармалар туралы мәліметтерге тоқталып өтті.

Ұлттық құндылық, салт-дәстүрлерімізді жаңғырту рухани тәрбиенің негізі болып табылады. «Шебер сынып» сағатының екінші бөлімін-

де қатысушыларға асық ату арқылы сұрақтар қойылып, олар ұтқырлық, танымдық қызығушылықтарын арттыру арқылы шығармашылық шеберлігін көрсете білді.

Бұдан кейін келген қонақтар жоспарға сәйкес өткізілген сабақтарға кірді. «Үш бәйтерек-үш

алып» тақырыбында тарих пәні мұғалімі, педагог-модератор Б.Тасева сабақ өткізді. Бұл сабақта Алаш ардагерлерінің ауыр тағдырларына, қысқа ғұмырларына тоқталып, бізге беймәлім деректермен бөлісті.

Сонымен қатар тарих пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші Ш. Жү-

мабаева «Үш бәйтерек», тарих пәні мұғалімі, педагог-модератор Ұ. Сапатаева «Үш бәйтерек-үш алып» тақырыбы төңірегінде дөңгелек үстел ұйымдастырды. Жас маман, тарих пәнінің мұғалімі П. Мұратбекова «Ілияс – поэзия құлагері» тақырыбында сыныптан тыс сабақ өткізді.

Жаңа форматта өткен сабақ келген қонақтардың көңілінен шықты. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші М.Алимбетова «Сырлы да сарбаз Сәкен» атты сабақ, қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі, педагог-сарапшы Хамидуллаева «Ілияс Жансүгіров тағылымы» тақырыбында сабақ өткізді.

Бұл сабақтың бір ерекшелігі Т.М.Дүйсеновтің 1965 жылы басылып шыққан «Ілияс Жансүгіров. Өмір творчествосы» кітабына ерекше тоқталып, бүгінгі әдебиет саласымен байланыстыра білді. 1969 жылы басылып шыққан Дайырбаеваның «Орта мектепте Ілияс Жансүгіров творчествосын оқыту» кітабына тоқталып өтті. Бұл кітап-мұғалімдерге арналған көмекші құрал.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші Г.Абилова Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» шығармасынан зерттеу конференция өткізді. Бұл конференцияда Бейімбет шығармаларына тереңінен зерттеуге сыни тұрғыдан қарауға үлкен мән берілді. Қазақ тілі мен әде-

биетінің мұғалімі З.Жаңабергенова «Үш бәйтерек-үш діндегі» тақырыбында сыныптан тыс сабақ өткізді.

Семинар соны белгілі ахметтанушы, PhD докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Ахметтану бөлімінің меңгерушісі, М. Әуезов атындағы сыйлықтың иегері Ермұхамет Маралбекұлымен кездесу-сұхбатқа ұласты. Кездесуді мектеп кітапханашысы А.Бекмұхамбетова мен қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімдері Ж. Өмірзақова және Г.Айтымбаева жүргізді.

Кездесу барысы 2023 жылы Мәскеу қаласынан зерттеу барысында табылған Сакен Сейфуллиннің еш жерде жарияланбаған бейне таспасы төңірегінде болды. Келген қонақтар көптеген сұрақтар қойды, тарихи бейне таспаны тамашалады. Бір сөзбен айтсақ, мәнді де мағыналы кездесу өтті.

Осы семинардың өту барысына атсалысқан «Парасат» және «Алаш» бірлестігіне және мектеп әкімшілігіне, қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдеріне алғысымыз шексіз. Көрнекілік жағына атсалысқан А. Шаметова мен А. Сағындық секілді ұстаздардың еңбегі зор.

**А БЕКМҰХАМБЕТОВА,  
Б.Момышұлы атындағы орта мектептің кітапханашысы.**  
Қарасай ауданы.

### Ерліктері-өнеге

## ЖЕТІ БАТЫР - АУДАН МАҚТАНЫШТАРЫ

Адамзат тарихындағы ең қатыгез, әлемді дүр сілкіндірген екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына биыл 79 жыл толды. Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Адамзат ғұмырында болған соғыстардың ішіндегі алапат қырғын, қиян - кескі ұрыс адам қаны судай ағызған екінші дүниежүзілік соғыс болды. Елбасына күн туғанда, тобықтан қан кешкен бүкіл Кенестер елі жұдырықтай жұмылып, жауға қарсы тұра білді. Сұрапыл соғыс кезіндегі аға буынның өшпес ерлігі мен ерен еңбегін ұрпақ жадында жаңғырту өте маңызды» деген болатын.

Ұлы Отан соғысында Қазақстаннан 580 Кеңес Одағының батыры шыққаны белгілі. Ұлы Отан соғысындағы «ең мықты жауынгерлер қазақтар, қырғыздар, башқұрттар, татарлар» дегенді зерттеген шетел ғалымдары соны кітапқа жазып дәріптесе, «Правда», «Красная звезда» газеттерінде қазақ жауынгерлерінің алдыңғы шептегі ерліктері туралы талай мақалалар жазылған, сарғайған газет беттеріндегі ерліктері радиода айтылып, теледидар арналарында көрсетілді. Осы сұрапыл соғысқа Алматы облысынан 120 мыңнан аса жауынгер қатысса, солардың ішінде 54 жауынгер Кеңес Одағының Батыры атағын алды. 290 мыңнан аса халқы бар Еңбекшіқазақ ауданындағы 7 Кеңес Одағының Батыры бар. Ауданда бір ғасырдан асқан Ұлы Отан соғысының ардагері Солтанбай Жарықбасов соғыс және еңбек ардагері ағамыз бар. Алға аулында тұрады. Солтанбай ағамызға Алла тағала күш қуат беріп, ел – жұрты сыйлайтын көпті көрген ауданға танымал ағамыз аман болсын!

Женіс туын желбіретуге өзіндік үлес қосқан жерлестеріміз, Ұлы Отан соғысының ардагерлері, Батыр аталарымыздың атында ескерткіш, мектеп, көше бар. Енді Батыр аталарымыздың ерліктеріне қысқаша тоқталайын.

### ҚАЙСАРЛЫҚ

Жүнісбай Қайыпов (1917 – 1944 ж. ж.) Жаңатұрмыс ауылында 1917 жылы дүниеге келді. Ленинградты қорғауда қайтпас қайсарлық танытқан батыр. 1942 жылы танкке қарсы қолданылатын зеңбірек командирі болған Ж. Қайыпов ерен ерлік үлгісін көрсетіп, талай «Тигрдің» түбіне жетті. Осы ерлігі үшін ол III дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталды. 1944 жылы жаудың минометті батареясын, төрт дзот, танкке қарсы қолданатын зеңбіректің көзін жойып, жаудың алғашқы шебін басып алуға жағдай жасады. Сол жылы Ж. Қайыпов тобы Новгород қаласына ерлікпен ұрыс

жүргізіп, алғашқылардың бірі болып енеді. Осы ұрыста көрсеткен ерлігі үшін мерт болған жерлесіміз Кеңес Одағының Батыры атанды. Батыр атаның атында өзі туған ауылда ауыл аты, мектеп, мектеп алдында ескерткіші бар, көше бар.

### ТАНКІ ТАЛҚАНДАҒАН

Төлен Қабылов (1917 – 1945 ж.ж.) Асысаға ауылында 1917 жылы дүниеге келді. 1942 жылы майданға аттанып, Сталинградты, Донды, Қырымды, Украинаны, Белорусты, Литваны азат ету ұрыстарына қатысқан. Кенесберг (қазір Калининград) қаласындағы әрбір квартал, әрбір көшеде кескілескен ұрыс жүріп жатты. Сержант Төленнің бөлімшесіне фашистердің шабуылын тойтарып тапсырылды. Бір адым да шегінбей, ебін тауып өтіп кеткен танкті қуып жетіп, люкпен ішіне граната тастап, қиратты да, өзі де мерт болды. Ерлікпен қаза тапқан жерлесіміз Кеңес Одағының Батыры атанды. Батырдың атында Асысаға аулында мектеп, ескерткіш, көше бар.

### ОТАН ҮШІН ЖАН ПИДА

Петр Борисович Вихрев (1909 – 1941 ж. ж.) Шелек ауылында 1909 жылы дүниеге келді. 1944 жылы 14-15 қазанда Волоколамск бағытында, 15 – 16 қарашада Петелино деревнясы түбінде өзі басшылық еткен алтыншы рота жауға қарсы қайсарлықпен тойтарыс беріп, 5 танктің көзін құртып, автоматшылар взводын жояды. Ақыр соңында бір солдатпен қалған ол граната лақтырып, тағы да екі танкті от жалынына орайды. Оғы таусылып, жалғыз өзі жау қоршауында қалғанда, «Отан үшін жан пида» деп, соңғы оғын өзіне жұмсайды. Қаза болғаннан соң Кеңес Одағының Батыры атағы берілген жерлесіміздің денесі Волоколамск тас жолынан жеті шақырым жердегі Петелино деревнясында жерленген. Батыр атында Шелек аулында мектеп, көше бар.

### ӨЗЕН ӨТКЕЛІНДЕГІ ЕРЛІК

Төле Кенжебаев (1902 – 1988 ж. ж.) 1902 жылы Шелек ауылында дүниеге келген. Ол 1942 жылы 60-шы ұландық Чернигов кавалериялық полкінің құрамында соғысты. Днепр бойына шабуыл екіпні ерекше болған кез. Бұл 1943 жылдың 28 қыркүйегіне қараған түн еді. Төле бірінші болып Днепрді жүзіп өтіп, бораған оқтың астында калтқыға орнатылған екі салды жермен 250 метрге сүйреп, қайтадан аргы бетке өтіп, өз бөлімшесіндегі сарбаздарды өзеннен өткізді. Екінші қайта өткенде байқап қалған жау солай қарай оқ жаудырады. Төле жау шабуылын тойтарып, үш немісті өл-

тіріп, бір офицерін тұтқындап, ерен ерлік көрсеті. Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Соғыстан кейін ауыл шаруашылығында еңбек етіп, көптеген жетістіктерге жеткен еңбек ардагері. Батыр атында Шелек аулында мектеп, ескерткіш, көше бар.

### 21 ТАНК, 4 БРОНЕТРАНСПОРТЕРДІ АТҚАН МЕРГЕН

Рақымжан Тоқатаев (1923 – 2011 ж. ж.) Қаракемер ауылында 1923 жылы дүниеге келді. 1935 жылы Есік бекетіндегі бес жылдық қазақ орта мектебін бітірді. Қаракемерге мұғалім болып оралғанымен, 1942 жылы 9 тамызда әскер қатарына шақырылған. Өзбекстанның Чирчик қаласында артиллериялық училищеде оқыған. 672 танкке қарсы артиллериялық атқыштар полкінің құрамында болды. 21 танк 4 бронетранспортердің көзін жойғаны



және Чехословакияны азат етуге қатысқаны үшін 1945 жылы 29 шілдеде Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Курск доғасында, Житомир, Винницу, Бердичев, Ужгород қалаларын, Чехословакияны азат ету соғыстарына қатысқан. Женіс күнін 1945 жылы Чехияда қарсы алды. Москвада Кремльде өткен Женіс парадына шақырылады. Оған Ленин ордені мен Алтын Жұлдызды құрметпен тапсырады.

1950 жылы Абай атындағы педагогикалық институттың физика – математика факультетін бітірген Рақымжан ата орта мектепте физика-математика пәнінің мұғалімі болып, ұстаздық жолды 40 жылдан аса жалғастырады. Есік қаласындағы А.Мәлкеев атындағы орта мектепте қарапайым мұғалімдіктен директорлыққа дейін атқарады. Кеңес Одағының Батыры Рақымжан Тоқатаевтың 75 жылдығы, 80 жылдығы аудан, облыс көлемінде аталып өтті. Рақымжан Тоқатаевқа Есік қаласында мектеп және көше аты берілген. Мұражайы бар. 2014 жылы Ұлы жеңіс күніне орай Қ. Орымбетов мектебінің алдында Кеңес Одағының Батырлары Қ.Жаманғараев пен Р.Тоқатаевқа ескерткіш орнатылған. Батыр атаның туған жері Қаракемер аулында ескерткіш бар.

### ДНЕПР ӨЗЕНІНЕН ӨТКЕН ЕР

Қашаған Жаманғараев (1910 - 2000 ж. ж.) Қаракемер ауылында 1910 жылы дүниеге келген. Майданға өз еркімен 1942 жылы аттанды. Глухов атындағы артиллериялық дивизионының 1-ші гвардиялық полкінің құрамында болды. 1943 жылы 17 қазанда КСРО Жоғарғы Кеңесінің жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Сталинград, Курск доғасы, Днепр бойында, Украинаны азат етуде ерліктер көрсеткен. Қ.Жаманғараевтың қас батырлығы тарихқа алтын әріппен жазылған жау қолынан Днепрді алу болды. Днепрден өту соғыстың ең негізгі шешуші сәтінің бірі еді. Немістердің бар күші осы Днепрге шоғырланған еді. Кескілескен ұрыс осы өзеннен өту үшін болатын. Қардай бораған оқ ортасынан Днепрдің ар жағына бірінші болып өткен жеті жауынгердің бірі-Қ.Жаманғараев. Жыландай жылжып қаптаған танктердің бетін алғаш қайтарған да осылар. Батырлар жол ашып, Кеңес жауынгерлері алға жаппай жылжыды. Есік қаласында Батыр ағамызға арналған көше бар. Ұлы Жеңістің 69 жылдығына байланысты Қаракемер ауылында Кеңес Одағының батырлары Р.Тоқатаев, Қ.Жаманғараевқа арнайы ескерткіш орнатылды. Соғыстан кейін бейбіт өмірде қызмет істеп, қос майданның ардагері атанды. Қаракемер аулында ескерткіші бар. Алматы қаласында мектеп ауылда, қалада көше бар.

### АЛҒЫС АРҚАЛАҒАН АЗАМАТ

Ыбырайым Қалдыбаев (1918-2008 ж.ж.) Кеген ауданы Қарабұлақ ауылында 1918 жылы дүниеге келді. 1942 жылы 19 қарашада Сталинград түбінде ұрысқа кіріп, Орлово-Курск мініндегі, Днепр өзені, Лоево қаласындағы ұрыстарға қатысты. I Беларусь майданының құрамында Мозырь, Варшава қалаларын азат етті. Атқарған әскери қызметі үшін «Даңқ» орденінің толық иегері атанды. Бірнеше медальдармен марапатталды. Жоғарғы Бас Қолбасшының 10 рет алғысына ие болды.

Соғыстан кейін ол Нарынқол, Шелек аудандарының ауыл шаруашылығы өндірісі саласында еңбек етті. Көп жыл «Тескенсу», «Қазақстан» совхоздарында қызмет істеп, 1978 жылы дербес зейнеткерлікке шықты. Қазақстан аулында көше бар. Ұлы Отан соғысының 65 жылдығына байланысты аудан әкімі Есік қаласынан үй берді. Сол үйде бала шағасымен жақсы өмір сүріп, нағыз Батыр тұлғалы ата 90 жасқа келіп, өмірден өтті. Батыр аға мектептің аты беріле атаны танытын ел-жұрт аудан, облыс басыларына рахметтерін айтар еді...

Шелек ауданынан шыққан бес Батырға, Шелек аулындағы орталық саябақта Ж. Қайыпов, Т. Қабылов, П. Б. Вихров, Т. Кенжебаев, Ы. Қалдыбаев аталарға ескерткіш тақта орнатылған.

**Әсет АЛЖАНБАЙ,  
ардагер ұстаз.**  
Еңбекшіқазақ ауданы.



Ерлік ешқашан ескірмейді

# ТАНК ТІЗГІНДЕГЕН ЕР СӘДУАҚАС

Тарих бетіне Ұлы Отан соғысы деген атпен мәңгілікке жазылып қалған адамзат тарихындағы алапат майдан - 1941 – 1945 жылдардағы неміс- фашист жөнеттеріне қарсы қан майданда соғыс жалыны 50 миллионнан астам адамды жалмаған екен.

Осы қан майдан қасапқа Балқаш ауданының сонау алыс түкпірінде жатқан Қараой ауылынан да көптеген азаматтар қолдарына қару алып, Отан қорғау үшін аттанғаны белгілі. Сол майданға аттанған азаматтардың соғыс даласында жау оғынан қыршынынан қиылып, туған жерге қайтпай қалғандары қаншама? Атың өшкір сол соғысқа туған жер топырағынан аттанып, туған жердің топырағы бұйырмай қалған арда азаматтардың бірі, Қараой ауылының тұмасы, жерлесіміз Сәдуақас Дүйсенов еді.

Майданда хабарсыз кетті дейтіндердің қатарында болған Сәдуақас Дүйсеновтың артында қалған ұрпағы соғыс біткеннен бастап-ақ жан-жаққа сұрау салып, іздей бастайды. Бірақ сұрақтарына мардымды жауап ала алмай келе жатқандарына жарты ғасырдан астам уақыт болғанын несің жасырамыз?! Майдан даласында шейіт болған боздақтың сүйегі қай жерде жатқаны да мұндаға дейін белгісіз болып келді. Бір көңіл жұбатыры Сәдуақас Дүйсеновтің есімі Қараой ауылындағы Ұлы Отан соғысы ерлеріне

лындап тұрған орда бұзар отызында аттанған Сәдуақас майданда жүріп, азғана уақыт ішінде өзінің жеткілігі, сауаттылығы мен іскерлігінің арқасында лейтенант шеніне ие болады. Алыстағы ауылдан барған азаматтың аздаған уақыт ішінде мыңдаған адамның ішінен бөліп-жарып, офицер атануы екінің бірінің қолынан келе бермейтін ерлік десек, артық айтпаспыз. Рас, Қараой ауылынан соғысқа аттанғандардың ішінде соғыста офицер шенімен қол бастап, жол бастап, жауынгерлерге басшылық жасаған сардар ағаларымыз аз болған жоқ. Солардың қатарынан соғыс ардагерлері Бап Өмірзақов, Садық Досболов есімдерін мақтанышпен атай аламыз. Көпке ұзамай жерлестерінің ізін ала майданға аттанған Сәдуақас Дүйсеновтің де солардың қатарын толықтыра түсуі біздің сөзіміздің нақты дәлелі іспеттес.

Негізінен Ұлы Отан соғысына Дүйсеновтар әулетінен төрт адам аттанған екен. Ел басына қатер төнген сол бір кезде бір үйде қанша азамат бар екендігін тексеріп, қарап жатқан ешкім жоқ, іске

Қызметін адал атқарып жүрген Сәдуақас та 1942 жылы № 7 ауылдық округінен ауылдастарымен бірге майданға аттанады. 1942 жыл Ұлы Отан соғысының нағыз жалыны лапылдап, екі жақтың да жан алып, жан берісіп жатқан, қасаптың нағыз қызған кезеңі болатын. Осы сұрапылдың ішіне танкистер даярлайтын курста азғана дайындықтан өткен Сәдуақас та араласып кете береді. Ең алғаш соғысқа кірген жері екінші Белорусс майданына қарасты сол кездегі күшті әскери құрамның қарамағындағы № 10 Днепр танк корпусы болса керек. Осы танк корпусына қарасты 1907 өздігінен жүретін артиллериялық полктің 82 әскери бөлімшесінің қатарында өзі басқаратын «СУ -100», яғни, өздігінен жүретін сауытты қондырғының командирі ретінде соғысып, бірнеше рет әскери жорықтарда жаудың бронды техникаларының көзін жояды. Ол кезде Кеңес армиясында ескі «КВ- 1» танкісінің орнына жетілдірілген «КВ-1 С» жүрдек танкісі мен атакты «Т-34» танкілері алмастырып жатқан уақыт. Жаңа бронды техникамен қа-

Отан соғысының екінші дәрежелі орденімен» марапатталады. Сүйегі Орлов облысы, Светские Выселки селосына жерленеді.

Сәдуақас Дүйсенов сонау 1943 жылы майдан даласында шейіт болғанымен, оның жерлестеріміз жайлы мәлімет беретін Алматы облыстық «Боздақтар» кітабында және «Память народа» сайтында есімі жазылған.

Десе дағы батырын әспеттеп, қадірлеген елдің ұрпағы болғандықтан сөз орайы келгенде айтпаса болмайтын өз ұсынысымызды да айта кеткен орынды болар еді. Сәдуақас Дүйсеновтың өмір деректерімен танысып отырғанда көзімізге бірден түскені майдангердің жатқан жерін, оның істеген ерлігін анықтауда көп еңбек сіңірген Балқаш аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің басшылығы тарапынан Балқаш ауданының әкімінен бастап әртүрлі саладағы басшылығына дейін Сәдуақас Дүйсеновтың есімін ел есінде мәңгіге қалдыру мақсатында аудан орталығы Бақанас ауылынан, болмаса өзінің кіндік қаны тамған Қараой ауылынан бір көшенің атын беру туралы ұсыныстары болды. Несі бар, орынды ұсыныс. Аудан орталығы Бақанас ауылы жылдан жылға көркейіп, гүлденіп, өсіп-өніп келеді. Аукымы кең жайып, ұлғайып келе жатқан Бақанас ауылында көшелер саны да көбеюде. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» дейтін халықтың ұрпағымыз ғой, ауданға жаңадан әкім болып сайланып, жас та болса бас бола білген, өзінің де атасы Ұлы Отан соғысына бастан аяқ қатысып, соғыс ардагері атанған, соғыстан соң жас ұрпаққа білім беріп, ұлағатты ұстаз болған ардагердің немересі, жаңа әкім көпшіліктің ұсынысына құлақ асар деген ойдамыз. Сәдуақас әкеміздің соғысқа дейін Балқаш ауданында аудандық кеңес пен партия комитетінде қызмет атқарғаны ескерсек, тіпті бір мектептің атын берсе де артық болмас еді. Неге десеңіз еліміздің болашағы-бүгінгі өсіп-өніп келе жатқан жас ұрпаққа кешегі өткен соғыс ардагерлері мен еңбек майталмандарының кешіп өткен ерлікке толы жолдарын кеңінен насихаттап, оларды патриоттық, отаншылдыққа тәрбиелеуде сол аталарымыз бен әкелеріміздің есімі берілген көшелер мен алаңдар, мектептер көп міндет атқарары сөзсіз. Кімнің кім екенін кейінгі ұрпақтың біліп жүргенінен ұтпасак, еш ұтылмайтынмыз сөзсіз. Бүгінгі таңда ел аузында «мемлекеттік идеология дәрежесі түсіп бара жатыр» деген келеңсіз әңгімелер де айтылып қалып жатады. Идеологияның ең бастысы осындай елеулі нәрселерден басталатынын есте естен шығармайық. Ерлік ешқашан ескірмейді десек, ерлер есімін ешқашан ұмытпайық десек, онда халықтың ұсынысына құлақ аса білейік.

тар жаудың «Тигр» іспеттес броня қалың танкілерін де қиналмай қирата алатын өздігінен жүретін «СУ» қондырғыларының да жетілдіре түскен жаңа түрлері де майдан шебіне келе бастаған. Міне осы жаңа техникаларды да шебер меңгеріп алған лейтенант Сәдуақас Дүйсенов Ресей, Белорусс жерін жаудан тазартуда жанқиярлықпен шайқасады. Сондай сұрапыл шайқастардың бірі 1943 жылдың ақпан айының бас шенінде Днепр өзені маңайында болады. Алдыменен жау жағы әскери ұшақтарымен бұлар ұстап тұрған позицияны бомбалайды. Содан соң танктердің қолдауымен жаяу әскері қарымта шабуылға шығады. Осы кезде Сәдуақастың басқаруындағы танкке қарсы шабуылдайтын «СУ-100» экипажы жаудың танкілеріне қарсы ерлікпен қарсы тұра біледі. Осы сұрапыл соғыста Дүйсенов өзінің экипажымен нағыз ерен ерлік үлгісін танытады. Немістер бекініп алған Дройсдор елді мекенін жаудан азат етуде ол өзінің экипажымен төрт мәрте қарсы шабуылға шығып, жаудың 1 артиллериясын, 2 танкіге қарсы бронды техникасын жойып, 15 жауынгері мен офицерінің көзін жояды. Сол күні бұл елді мекен жаудан азат етілгенімен есіл ер жау снарядының бұнық экипажына дәл түсуінен мерт болады. Осылайша нағыз ерлерше жан тапсырған оған № 10 Днепр танк корпусы қолбасшысының бұйрығымен «Ұлы

жарарын тегіс қан майданға аттандырып отырған ғой. Бұл нәубәт Дүйсеновтар отбасында айналып өтпеген. Ағайында төрт жігіт Сәдуақас, Сейткамал, Сейтхазы және Батбол бірінен соң бірі соғысқа алынған. Бұл ағайынды жігіттердің екеуі, яғни Сәдуақас пен Сейткамал майдан даласында қаза болса, Сейтхазы мен Батбол елге аман-есен оралып, бейбіт өмірге араласып, үйлі баранды болып, бақуатты ғұмыр кешеді. Ал майдан даласында шейіт болған Сәдуақас Дүйсеновтың өмір дерегіне тереңірек көз жүгіртіп қарасаныз жастайынан от боп жанған, бергенінен берері көп жалындап тұрған жан екендігін көрер едіңіз. Енді қараңыз, 1910 жылы Қараой ауылында өмірге келген ол 1917 жылы ескіше сауатын ашып, 1924 жылы сол мектепті бітіріп шығады. 1929 жылы білім аңсаған жас жігіт өзінің ізденуімен Алматы қалсындағы Ауылшаруашылығы институтына оқуға түсіп, оны 1929 жылы ойдағыдай бітіріп, дипломды маман атанады. Жас маман өзінің еңбек жолын кеңес, партия қызметтерінен бастайды. Білімді әрі білікті маман 1931 жылы коммунистік партия қатарына қабылданып, өзінің қызметін Балқаш аудандық партия комитетінде жалғастырады. Партия, кеңес қызметкері бола жүріп ауданымыздың экономикасын көтеруге өзіндік үлесін қосып, білікті де іскер маман атанады.

арналға монументіне қашап жазылғандығы болатын. Көп жылғы ізденіс өз нәтижесін бермей қойған жоқ. Осыдан үш жыл бұрын батыр ердің соңғы демі таусылып, жерленген жері белгілі болды. Батыр аталарының жатқан жерін Балқаш аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінен нақты хабарлағанда «өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілді» деп, артында қалған ұрпақтары қатты қуанған еді. Әкелерінің қай жерде опат болып, қай жерден мәңгілік тыныс тапқанын тапқанша тыным таппаған Сәдуақас әулетінің кенже ұлы Тілеуберген Сәдуақасұлы Дүйсенов бауырымыз болатын. Өзі де кезінде Кеңес Армиясының қатарында шет елдердегі контингентінде әскери борышын өтеген, бұл күнде шет елдерде әскери борышын өтеген сарбаздардың басын біріктіріп отырған «Мұрагер» қоғамдық бірлестігінің аудандық бөлімшесінің төрағасы болып отырған көзі ашық, көкірегі ояу Тілеуберген бауырымыз-әкелерінің жерленген жері табылғанын басқаларға алғаш сүйіншілеп жеткізгендердің бірі. Сұрапыл соғыста сүйегі жат жерде қалған әкелерінің атын ұлықтауда да бүгінгі таңда жарғақ құлағы жастыққа тимей зыр жүгіріп, өз ізденісін одан әрі жалғастырып, біраз шаруаның басын қайырып тастаған Тілеубергенге ауылдастары да дән риза. Ұлы Отан соғысына 1942 жылы жазға салым нағыз жа-

Тыл еңбеккерлері

## АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ ЕРЕКШЕ

Майдан даласының оты өшіп, жеңістің жалауы желбіреген сәттің ел тарихы үшін маңызы зор. Қан майданда жүрген жауынгерлерге дем беріп, тылда аянбай еңбек еткен тыл еңбеккерлерінің жеңіс күнін жақындатуға лайықты үлес қосқанын бәріміз де білеміз. Содан да болса керек, тыл ардагерлеріне деген құрметіміз шексіз.

Облыс маслихаттың депутаты Жазықбаева Жанна Тастемірқызы мен аудан маслихатының депутаттары, Райымбек ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Әбдікәрімов Лемис пен аналар кеңесінің төрайымы Урпеджанова Батима Айтқазықызының ұйымдастыруымен мерекелік іс-шаралар өткізілді. Әр ауылдағы тыл еңбеккерлерінің үйлеріне барып, құттықтап, азық-түлік себеттері таратылып, мерекелік дастарқан жайылып, ас берілді.

Осы шара депутаттардың көмегімен қаржыландырылды. Оған 540 000 теңге қаражат жұмсалды.

«Анаға құрмет» мұражайында да үлкен ауқымды іс-шаралар өткізілді. Жанындағы мешітке құран бағыштап, ас берілді. Оған 720 000 ақша жұмсалды. Оған 720 мың теңге көлемінде Алик Шпекбаев демеушілік етті.

Райымбек ауылдық округі бойынша осы шараларға барлығы 1 260 000 теңге жұмсалды.

Л.ӘБДІКӘРІМОВ,

Райымбек ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы.

Аға ұрпақ жолы

## АРТЫНДА ҚАЛҒАН ІЗІ БАР

Алматы облысының мемлекеттік архивіндегі жеке қор иесі, Ұлы Отан соғысының ардагері, III-ші дәрежелі «Шахтер даңқы» белгісінің иегері Ескендір Шайымұлы Шайымов 1914 жылдың 1-мамырында Қостанай өңірінде дүниеге келген екен.

Ескендір Шайымовтың еңбек жолы 1940-1991 жылдардың аралығын қамтиды. 1940 жылдың 10 қазанынан бастап Ұйғыр ауданының қаржы бөлімінде есепші қызметін атқара жүріп, 1941 жылы 10 тамызда Жаркент аудандық әскери комиссариатына барып, өз еркімен майданға сұранады.

1942 жылдың шілде айынан 1945 жылдың 19 сәуіріне дейін аралықта майданда жүріп, елді фашистерден азат етудегі азаматтық борышын атқарады. Майданда ол №3 гвардия Котельниковтың танк корпусында, №364 Шығыс артиллерия дивизиясында, 2-ші гвардиялық мототықшар бригадасында болады. 1942 жылы Котельников қаласын азат етуге, Сталинград қаласын қорғауға қатысады, ал 1943 жылы Киев, Волгоград қалаларын азат етуші майдангерлердің қатарында болады және Ленинград қорғанысын, Минск қаласын қорғауға қатысады. Ұрыс даласында жүріп, елін фашизмнен қорғап, жалынды отаншылдығымен ерліктер көрсеткен майдангер небір ауыр сындардан өтіп, жауынгер достардан айырылуының азасын бастан кешті. 1945 жылдың көктемінде жарақаттануына байланысты Алматы қаласының госпиталында ем қабылдайды.

1945 жылдан бастап, 1947 жылға дейін аралықта Нарынқол ауданының ЦСУ СС-СР-дің инспекторлық қызметін атқара жүріп, кейін Еңбекшіқазақ ауданына осы қызметі бойынша алмасады.

1950 жылы 22 желтоқсаннан бастап Ескендір Шайымовтың қызметтік жолы Қазақ ССР-дің Жоғарғы Совет Президиумында жалғасады. Атап айтқанда, 1950 жылдың 22 желтоқсанынан бастап есептеу және тіркеу бөлімінің кеңесшісі, сол жылдың 18 тамызында есептеу және тіркеу бөліміндегі көп балалы аналардың сектор менеджерісі қызметтерін атқарады.

1951-1952 жылдар аралығында Қазақ ССР Жоғарғы Совет Президиумының басқарма ба-

стығының көмекшілік қызметінің жұмысын істейді.

Бұдан кейінгі оның еңбек жолы көмір өндірісінде жалғасады. Ескендір Шайымов Қарағанды қаласындағы 70 тресттің «Ленинкөмір» шахтасы мен «Қарағанды көмір» шахтасында 25 жылдай әр түрлі қызметтер атқарады.

1952-1955 жылдар аралығында «Ленинкөмір» тресттің №37 шахтасында есепші қызметкер, «Ленинкөмір» тресттің аппарат бөлімінде инженер, кейін шахта бастығының көмекшісі болады. 1956 жылдың 7 қаңтарынан бастап шахта бастығының орынбасары болса, 1961 жылғы 26 қарашадан бастап №70 трест «Ленинкөмір» шахта комитетінің әкімшілігіне сайланады.

Одан кейінгі жылдарда архивке тапсырылған құжаттардың деректері бойынша соғыс және еңбек ардагерінің еңбек жолы 1991 жылға дейін шағын қызметкерлікпен жалғасып, құрметті демалысқа шығады.

Ұлы Отан соғысының ардагері Ескендір Шайымов (III дәрежелі Даңқ), «II дәрежелі Даңқ», «Қызыл жұлдыз» ордендерімен және «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін», «Тың жерлерді игергені үшін», «КССР Қарулы Күштерінің 50 жылдығы», «Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне», «Еңбек ардагері», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысы жеңісінің алпыс жылдығы» медальдарымен және «III-ші дәрежелі Шахтер Даңқы» белгісімен марапатталған.

Ол өзінің шығармашылық ойларын зейнеткерлікке шыққан кезде де қағаз бетіне түсіріп отырған. Бірақ шығармалары туынды ретінде баспа және ақпарат беттерінде жарық көрмей, өз қорында қолжазба күйінде сақталған. Ескендір Шайымовтың ақындық шабытынан туындаған сезімге, сыра толы жүрек жарды өлеңдері оқырған қауымның жүрегінен орын аларлықтай мазмұнды да мәнді. Ұрпағына өсиетті өлеңдерімен із қалдырып, қазақ руханиятына да тамшыдай таптырмас қазына қалдырды.

Қазіргі таңда Алматы облысы мемлекеттік архивінде жеке № 2271 қор иесі Ескендір Шайымовтың 28 сақтау бірліктен тұратын істері сақталуда.

А.САУРАНҚОЖАЕВА,  
Алматы облыстық ведомстволық архивтермен жұмыс жасау және жинақтау бөлімінің архивісі.





## «ДІЛМАРЛАР» ТҮСТІ САЙЫСҚА

Жуырда Райымбек ауданындағы Сағат Әшімбаев атындағы орта мектепте ұлттық рухани мұраны ұлықтау, аталы сөздің абыройын асқақтату мақсатында оқушылар арасында «Ділмар» атты шешендік өнер байқауы өткізілді. Республикалық «Ділмар» шешендік өнерді дамыту клубы мен Райымбек аудандық білімі бөлімі және С. Әшімбаев атындағы орта мектептің ұйымдастыруымен өткен шараға аудан мектептерінен шешендік өнерге бейімі бар оқушылар қатысып, қарым-қабыллеттерін ортаға салды.

Аспантау аясындағы білім ошақтарында бұрыннан өткізіліп келе жатқан түрлі деңгейдегі шаралардан бұл жолғы өнер бәсекесінің жөні де, жолы да бөлек. Өйткені, ұлттық рухани мұраны ұлықтау мақсатындағы бұл шара ауданда бірінші рет өткізіліп отыр. Жас буынға сөз өнерінің ерекшелігі мен жүйелі сөз саптау шарттарын меңгерту, бойларына сауатты әрі жатық сөйлеу дағдысын, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, ұлық өнердің тарихи және этномәдени болмысын тануына, сөз құндылығын бағалай алуына жол ашу, қызыл тілден бал тамызы, қара сөздің қаймағын қалқуға, сара сөздің салмағы мен қадір-қасиетін арттыртуға тәрбиелеу қай жағынан алса да қолдауға лайық. Газет-журнал, кітап сияқты рухани құндылықтар мен санаға сәуле құятын танымдық дүниелердің орнын ұлттық болмысқа жат, көзге қораш, көңілге кірбің ұялататын кереғар құбылыстар басып бара жатқан бүгінгі қоғамда жас ұрпақтың бойына жаратушының өзі сыйлаған осынау ұлттық мұраны қайта қалыптастырудың маңызы зор-ақ. Бұл орайда республикалық «Абай» мектебінің «Ділмар» шешендік өнерді дамыту клубы қолға алып отырған игілікті істің бергені де, берері де көп екенін айтқан орынды.

Екі күнге белгіленген байқаудың беташары «Ұлтын сүйген ұрпақ» атты әдеби-сазды, рухани-танымдық кешпен басталды. Онда шешендік өнердің мәні мен маңызы, қадір-қасиеті жайлы әсерлі әңгіме өрбіді. «Ділмар» шешендік сөз өнерін дамыту клубының президенті, ұлық өнерді дәріптеуші Жарқын Сәлен, ұлағатты ұстаз, тіл жанашыры, жыр сүйер қауымға кеңінен танымал акын, Талғар ауданындағы тіл оқыту орталығының басшысы Камнұр Тәлімұлы, филология ғылымдарының кандидаты Береке Дәулетқанқызы, Алматыдағы республикалық «Дарынды балалар мектебінің» мамандары Қизат Тілеуберді, Жаксылық Орынбасар сөз өнеріне қатысты ойларымен бөлісті.

Шараның негізгі ашылу салтанатында алғаш сөз тізгінін ұстаған Райымбек аудандық білім бөлімінің басшысы Саят Үмбетәлиев пен Жам-

был ауылдық округінің әкімі Роман Қойлыбаев, С. Әшімбаев атындағы орта мектептің директоры Жаксылық Үсенов осынау ұлттық рухани мұраны дәріптеуге негізделген бастаманың тәрбиелік маңызы зор екеніне айрықша тоқталды. Жас буынды тіл өнеріне баулудың құндылығын тілге тиек етті. Игі істің қасиетті Тәңіртау етегінде тұңғыш рет ұйымдастырылып отырғанына ризашылық білдірді. «Ділмар» шешендік сөз өнері клубының жетекшілеріне, бастамашыл топ мүшелері мен қолдау көрсетіп, демеушілік танытқан азаматтарға ықыласқа толы алғыстарын жеткізді. Талаптың тұлпарын мініп келген шәкірттерге жарыс жолында сәттілік тіледі.

Байқаудың негізгі ұйымдастырушысы Жарқын Сәленнің айтуынша «Ділмар» шешендік сөз өнері клубының құрылып, жұмыс істегеніне 5 жылдың жүзі болыпты. Өзінің рухани мұраға, ұлттық тәлім-тәрбиеге негізделген жоба-жоспары бар. Және оны тоқсан ауыз сөзге тобықтай түйін жасаған би-шешендердің, жыраулардың, термешілердің, акындардың мұраларымен үндестіріп, дамытып отырады. Осы күнге дейін республиканың бірнеше өңірлерінде болып, 9 мәрте мектеп оқушылары, екі мәрте студенттер арасында түрлі деңгейде жарыстар ұйымдастырған. Өтілген шараның бәрі де лайықты нәтижесін беруде. Қазір аталған клубтан дәріс алған шәкірттердің алды ұстаздық дәрежеге жеткен. Тіпті, Әли Мұқтар атты 10-сынып оқушысы Семей жерінде «Аяғөз» атты ділмар үйірмесін ашса, Акерке Ерболатқызы дейтін 11-сынып оқушысы шешендік өнерді дәріптейтін мультфильм түсірген көрінеді. Тағы бір айрықша айтар жайт, ауданда тұңғыш рет ұйымдастырылып отырған шараға Жамбыл ауылының тумасы, Олжас Тұрсынқожа дейтін кәсіпкердің демеушілік жасағаны. Шаруасы шалқып, ісі ілгері басқан азаматтың ұлттық рухани мұраның өзі туған өлкеде қанат жаюына ниет білдіріп, қолдау көрсетуі құттарлық-ақ!

Бұл күні шешендік өнер сайысына ауданның 16 мектебінен іріктелген 16 оқушы қатысты. Олар екі-екіден сегіз жұпқа бөлініп, сахна мәдениеті,



бірінші кезек, екінші кезек, қорытынды аталатын 4 кезеңнен тұратын жекпе-жек түріндегі сөз додасында өнерлерін көрсетті. Өрнекті өнер сайысына тіл жанашырлары, әдебиет пен өнердің майталмандары, осы саланың дамуына тер төгіп жүрген ғалымдар қазылық жасады. Өр жұп кезегі келгенде өздеріне бұйырған билеттегі Абайдың қара сөздерінен, Мұқағали ақынның өлеңдерінен берілген, бүгінгі уақыт талабына қатысты келтірілген сұрақтарға «иә», «жоқ», «істей аламыз», «істей алмаймыз», «қолдаймыз», «қолдамаймыз» деген тұрғыдағы өзіндік көзқарастарын көркем ой, кестелі тілмен жеткізуге, себеп-салдарын шешендік сөз өнерімен дәлелдеуіне шамасы жеткенше мүдделілік танытты. Мәселен, «Уақыттың қадірін білеміз бе?» деген сұраққа екі жұптың бірі «білеміз» деп жауап беріп, оның мәнін барынша ашып көрсетуге тырысса, «білмейміз» деген қарсыласы да өз пікірін нақтылыққа сүйене дәлелдеп шығуға ұмтылды. Бір-біріне сұрақтар қоюда да мәні зор, мағынасы терең сөздерді қолдануды басты нысана етіп ұстанды. Өр сұрақтың жауабы белгіленген уақыт бойынша бағаланды. Сахна мәдениеті, ұлттық киім үлгілері, шешендік ұлығаттарды қолдануы, оймақтай ойды тобықтай түйінмен қорытындылай білуі де қазылар назарына қағыс қалған жоқ. Өр жұптың өнерін жеке-жеке бағалау барысында сайысты жүргізуші мен қазылар тарапынан жетістік-кемшіліктер сарапқа салынып, бағыт-бағдар ұсынылды.

Осы орайда мына бір мәселені айтпай кетуге болмайды. «Ділмар» байқауы өтетіні білім ошақтарына уақытынан бір-екі ай бұрын хабарланған. Шараның мақсаты, қатысушыға қойыла-

тын талап, өткізілу тәртібі алдын-ала жіберілген. Бірақ, кейбір мектептер бұл мәселеге ағуісті қарағаны шара барысында анық байқалды. Өйткені, мұғалімдердің үкілеп әкелген талапкердің көпшілігі үмітті ақтай алмады. Мұның басты себебі, шешендік сөз өнеріне қатысатын шәкіртті анықтауға, қарым-қабылетін жетілдіруге жетекші тарапынан жете мән берілмегендігі. Басшылық тарапынан дұрыс талап қойылмағандығы деп білген жөн. Осыдан келіп, ұстаздардың ұлттық мұраны ұлықтауға құлықсыздық танытқанын, жүрдім-бардым қарап, әйтеуір қатысса болды деген түсінік қалыптастырғанын байқау қиын емес. Ал, оның жас буынға кері әсерін тигізетіні айтпаса да түсінікті. Әкелген оқушысы жүзден жүйрік шықпаса да оңды нәтиже көрсетіп, мерейленіп қайтса, оның несі жаман. Тағы бір жайт, осы байқауға қатысқан 16 оқушының 15-і қыз бала да, біреуі ғана ұл екендігі. Бұрынғы өткен би-шешендердің, сөз зергерлерінің көбінесе ер адамдар болып келгенін ескерсек, шешендік өнердің бұдан кейінгі тағдыры бұлыңғыр екені күмәнсіз.

Байқау қорытындысы бойынша жүзден жүйрік шыққан С. Әшімбаев атындағы орта мектептің 11-сынып оқушысы Айерке Максатқызы бас жүлдені еншілеп, демеуші тағайындаған 50 мың теңгеге ие болды. Көксай орта мектебінің 11-сынып оқушысы Нұрай Жақыпбекова бірінші орын иегері деп танылды. Сөйтіп, 30 мың теңгені қанжығасына байланды. А.А. Барманбекұлы атындағы орта мектеп-гимназияның оқушысы Балнұр Әлімханқызы жүлделі екінші орыннан көрініп, 20 мың теңгеге ие болды. Жәмеңке орта мектебінің оқушысы Рамазан Зиядос үшінші орынға тағайындалған 15 мың теңгені еншіледі. Жарысқа қатысып, бақтары мен, баптарынан сынасқан басқа талапкерлер де сыйлықтан қағыс қалған жоқ. 10 мың теңге ақшалай сыйлықтарға ие болды. Бәріне «Ділмар» шешендік сөз өнері клубының «Алғыс хаттары» тапсырылды.

Байқаудың өне бойы әсем ән-бимен ажарланып, күмбір күймен көмкерілді. Республикалық «Абай» мектебінің 10-сынып оқушысы, «Ділмар» клубының мүшесі Елсияр Бижанұлы жырдан шашу шашты. Сержан Тұрлыбек, Аманбек Әуелбекұлы секілді өнерлі қонақтар әуелете ән салса, Жаксылық Орынбасар домбыра шанағынан күмбірлете күй төгіп, көңілді көкке самғатты. Ақниет, Еркеназ, Елдана, Ұлпан, Бақдәулет, Меруерт, Альбина, Нұрай сияқты мектеп оқушылары орындаған әсем әуендер мен көркем билер де көрерменді тәнті етті.

**Жұмабек ТҮРДИЕВ,**  
Жамбыл ауылы, Райымбек ауданы.

### Өнерлі ұлан

## БОЛАШАҒЫ БАР БАЛА

Көшпелі ата-бабаларымызда Ұлы дала өркениетін қалыптастыруда, үлкенді сыйлап, кішіге қамқор болып, рухани құндылықтарымызды ұлықтауда тарих сахнасында аналар мен әжелер мектебінің алар орны ерекше. Өткен ғасырларда күллі рулы елдерге аналық қамқорлығын паш еткен Зере, Айғаным, Домалақ ана, Ұлпан секілді аналардың халқына арнаған жүрек пен жан жылуы, мейірім шапағаты үлгі, өнеге болды. Өйткені ана әлдиінде тылсым күш, құпия сыр, ұлылық, даналық қуаты бар. Балаға оңы мен солын танытып, жақсы мен жаманды ажырата білуге, қазақы ортадағы руханият бұлағын, моральдық-этикалық әдеп ережелерін әжелер қауымы үйретеді. Ұрпақтарының тұлғалық қалыптасуымен бірге имандылыққа, білімге, өнерге құлаштап қанат қағуына жолды нұсқайтын да әжелері.

Боралдай кентінде тұратын Күміс әжеймен таныса келе, көп сырға қанықтым. Үнемі қос немересін егіз қозыдай жетектеп, бәйек болуда. Үлкен немересі Кешубай Керімсал №54 орта мектептің 5-г сыныбында оқиды.

Керімсал десе, керімсал. Өзі қос жанары мөлдіреген, еліктің лағындай сүп-сүйкімді. Мектептегі іс-шаралардың барлығында қолындағы үкілеген домбырасының құлақ күйін келістіріп, ұлттық нақышта ән салады. Ұлттық стильде тігілген киіммен сахна төріне жарқ етіп шыққанда демде көрермен қозаймына айналды. Жүзінен ойлылық, мейірім, сабырлық лебі есіп тұрады. Мойылдай қап-қара көзінен пара-

саттылық иірімі сезіледі. Қарындасы Айнакөз де-өнерлі бүлдіршін. Керімсалдың кішкентайынан өнерге деген құлшынысы ерекше болды. Бастауыш сынып мұғалімі Кадирбердиева Мира Өмірзаққызы, қазіргі сынып жетекшісі Толғанай да шәкіртінің жетістіктерін мақтаныш етеді. Ал 2-в сыныбында Алибекова Гульнар Сабыровна да мәнерлеп оқуда алдына жан салмайтын, мың бұрала билеген қаршадай баланың таудай талабына тәнті. Анасы Құндыз-Мемлекеттік Университетте оқытушы.

Керімсал есіл уақытын босқа өткізбейді. Адамның алға ұмтылу талпынысы жоғары, биік болса, оның қабілеті соншалықты өміршең бол-

мақшы. Адам бойында терең білім, ойлылық және имандылық, қайырымдылық сезімі ұштасқанда шын мәнісінде адам адами құндылығын сақтайды.

Керімсал халықаралық «Самғау» ән байқауында 1-орын, республикалық «Тәуелсіз елім – тірегім» жас өнерпаздар арасындағы өнер байқауында бас жүлде алды.

IQ STAR 2023 VII Республикалық балалар мен жасөспірімдер арасын-



да өткен өнер байқауында «Вокал» номинациясы бойынша II орын, «Мен де жұлдыз боламын» республикалық байқаудан Түркия еліне жолдана алып, 2023 жылдың шілде

айында Чанакаппе қаласында өткен 15 мемлекет арасынан I орын иегері атанды. «Жас дарын» вокал жанры бойынша II орын, М.Мақатаев атындағы халықаралық қоғамдық қордың ұйымдастыруымен өткен «Құдіретті жырдың құндағында» атты республикалық ән-жыр байқауынан II-орын, республикалық «Ғұмырдария» ән конкурсынан II-орын иеленді.

«Астанам – айбынды ақ Ордам» атты Астана күніне орай Боралдай кентінің әкімінің ұйымдастырған шахмат турнирінде II-орын, «Қазақстан жұлдызы» республикалық өнер конкурсында «Фортепиано

лысады. Ал вокалмен кәсіби түрде айналысып жүр. Бұл жас ұланның соңғы айларда алған жетістіктері ғана. Бала бойында қазақтың салт-дәстүріне деген ілтипат, әдеп байқалады. Жалпы әдеп сақтау ұлттық құндылықтарға, жол-жоралғыларға, рәсімдерге құрметпен қарау, адамгершілік борышын өтеу деген ұғымды білдіреді. Ал осы асыл қасиеттерді бойына ананың ақ сүтімен, әженің әлдиімен сіңірген жас ұрпақ ұлтжанды, Отансүйгіш болып өсері қақ.

Халқымыз «Өнерлі өрге жүзер», «Өнерлінің өрісі кең» дейді. Ал өнер дегеніміз- саналы, бейнелі ойлау, ұлттық құндылықтың алтын арқауы. Әдемілік, әсемдікті түйсікпен қабылдау – имандылық, парасаттылықтың айқын көрінісі. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз. Керімсал да-біздің ұлттық өнеріміздің, мәдениетіміздің, дәстүріміздің озық үлгілерін бойына сусындатып келе жатқан жеткіншек. Осы соқпақ арқылы әлемдік рухани өркениеттің заңғар шыңына шығу, биік мақсаттарға ұмтылу оны алға жетелеп келеді. Керімсалдың алар асуы, шығар шыңы әлі алда. Өр адамның өз шыққан шыңы өзіне биік. Керімсалға ұзақ ғұмыр, шығармашылық толағай табыстар тілеймін.

**Нұржанұлы АШИҚАНОВА,**  
№54 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі.